

## Жаңақала ауданы Қызылоба ауылы КХ «Ерсұлтан» жеке бөбекжайы»

№3 кезектен тыс педагогикалық кеңес хаттамасынан суырма

**Өткен күні:** 29 маусым 2026 жыл

**Қатысқандар:** Өзін-өзі бағалау комиссия мүшелері:

Тлесова Д.А.- КХ «Ерсұлтан» «Балбөбек» жеке бөбекжайының әдіскері;

Ихсанова А.Ш.- КХ «Ерсұлтан» «Балбөбек» жеке бөбекжайының тәрбиешісі;

Хайруллина А.Ж.- КХ «Ерсұлтан» «Балбөбек» жеке бөбекжайының тәрбиешісі;

Игизбаев Р.- КХ «Ерсұлтан» «Балбөбек» жеке бөбекжайының есепшісі;

және меңгеруші, тәрбиешілер, қазақ тілі мұғалімі, психолог.

**Шақырылғандар:** қамқоршылық кеңес басшысы Серікова Гулден Бекайдарқызы

**Күн тәртібі:**

1. 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарына жүргізілген өзін – өзі бағалау комиссиясының есебін тыңдау (жауапты өзін-өзі аттестаттау комиссия төрайымы С.М.Исмагулова)

**Тындалды:**

**С.М.Исмагулова -өзін-өзі аттестаттау комиссия төрайымы, меңгеруші:** мектепке дейінгі ұйымының меңгерушісі қатысушыларды білім беру қызметін жүзеге асыру шарттарының сапасы туралы ақпараттың нәтижелері туралы есеппен таныстырды. Мемлекеттік аттестаттау басталғанға дейін бір ай бұрын мектепке дейінгі ұйымының алдыңғы үш 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылының кезеңдеріне бағалау жүргізілді.

"Білім беру ұйымдарын бағалау критерийлерін бекіту туралы" ҚР ОАМ 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығымен бекітілген көрсеткіштер бойынша мектепке дейінгі ұйымда өзін-өзі бағалау жүргізілгеніне назар аударды.

Көрсеткіштерге сәйкес, аталған бұйрықпен бекітілген 1,4-қосымшалар бойынша білім беру ұйымдарын бағалау критерийлері мектепке дейінгі ұйымының жұмысы "үлгілі" деп бағаланды.

Өзін – өзі бағалау нәтижелері назарға алыңсын және "үлгілі" бағасына дауыс беруіңізді сұраймын.

"иә" - 4,

"қарсы" - 0,

"қалыс қалды" -0.

**Шешім:** Мектепке дейінгі ұйымының қызмет деңгейі өзін – өзі бағалау нәтижелері бойынша "үлгілі" деп бағалансын.

**Төрайымы :**

**Хатшы:**



С.М.Исмагулова

М.Б.Біләлова

**Жаңақала ауданы Қызылоба ауылы КХ «Ерсұлтан» жеке бөбекжайы»  
кезектен тыс педагогикалық кеңесінің  
№2 хаттамасынан көшірме**

«1» маусым 2026ж.

Төрайымы: С.М.Исмагулова  
Хатшы: М.Б.Біләлова  
Қатысқаны: 4 педагог  
Қатыспағандар: 0

**Күн тәртібі:**

1. Мектепке дейінгі ұйымының өзін-өзі бағалауға дайындау және өзін-өзі бағалау комиссиясын құру туралы (бөбекжайы меңгерушісі С.М.Исмагулова).

**Тындалды:**

1. КХ «Ерсұлтан» «Балбөбек» жеке бөбекжайы педагогикалық кеңес төрайымы С.М.Исмагулова сөз сөйлеп, «ҚР ОАМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитетінің Батыс Қазақстан облысының Білім саласында сапаны қамтамасыз ету Департаменті» ММ 07.11.2025ж №1040 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесімен таныстырып, балабақша мемлекеттік аттестаттау тізбесіне енгені жөнінде айтты.

Мемлекеттік аттестаттау Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес бағалау кезеңі 2024 жылдың маусым айының 01-30 күндері аралығында өткізіледі, сонымен қатар бағаланатын кезең 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдары табылатынын атап айтты.

Сонымен қатар, балабақша меңгерушісі оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттары келесі нақты өлшеуіштерге сәйкес жүзеге асырылатынын түсіндірді:

1) оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымдастырылған қызметтің мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу талаптарына сәйкестігі;

2) білім беру қызметін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес іске асыру;

3) мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын сақтау;

4) баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелерінің болуы;

5) тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің болуы және нәтижелері бойынша баланың жеке даму картасының талдауы;

6) үлгілік оқу бағдарламасына қосымшаға сәйкес балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингілеу нәтижелерінің (қорытынды) болуы және талдау.

7) МДТО ҮОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы;

8) балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтау;

9) тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтау.

Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарына "үлгілі" - 5, "жақсы" - 4, "жақсартуды қажет етеді" - 3, "төмен" - 2 деңгейлерінің біріне сәйкес келетін өлшеуіштер және балл қолданылады.

#### **Педагогикалық кеңес шешімі:**

1. Төмендегі құрамда комиссия бекітілсін:

Комиссия төрайымы – Исмагулова С.М. КХ «Ерсұлтан» «Балбөбек» жеке бөбекжайының меңгерушісі;

Комиссия мүшелері:

Тлесова Д.А.- КХ «Ерсұлтан» «Балбөбек» жеке бөбекжайының әдіскері;

Ихсанова А.Ш.- КХ «Ерсұлтан» «Балбөбек» жеке бөбекжайының тәрбиешісі;

Хайруллина А.Ж.- КХ «Ерсұлтан» «Балбөбек» жеке бөбекжайының тәрбиешісі;

Игизбаев Р.- КХ «Ерсұлтан» «Балбөбек» жеке бөбекжайының есепшісі;

2. 2026 жылы маусым айының 01-30 күндері аралығында өзін-өзі бағалау жүргізілсін.

3. 2026 жылы маусым айының 29 күні өзін-өзі бағалау қорытындысы бойынша педагогикалық кеңес өткізілсін.

Педагогикалық кеңес төрайымы: *Исмагулова С.М.*  
Хатшы: *М.Б.Біләлова*

